

KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

KAZAKHSTAN DEPOSIT
INSURANCE FUND

Қызметтің басым бағыттары 2024-2026 жылдар



МИССИЯ: ХАЛЫҚТЫҢ ДЕПОЗИТТЕРІН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІНІҢ ТҰРАҚТЫ БОЛУЫНА ЖӘРДЕМДЕСУ

Қор 2024-2026: мандатты ескеріп, миссияны іске асыруға арналған басым бағыттар

Қызметтің басым
бағыттары



Кепілді өтемді уақтылы және толық көлемде төлеу



Өтем төлеу үшін арнайы резервтің жеткіліктілігін қамтамасыз ету



Депозиттерге кепілдік беру жүйесіне деген сенімді нығайту



Операциялық орнықтылықты және институционалдық тиімділікті нығайту



Бөлшек саудалық депозит нарығында сыйақы мөлшерлемелерін реттеуге қатысу

МАҚСАТТАР

- 1) Салымшылардың көпшілігіне сақтандырылған салымдарына тез арада қол жеткізуін кезең-кезеңмен қамтамасыз ету *(сақтандыру жағдайы туындаған күннен бастап 7 жұмыс күні ішінде)*
- 2) Арнайы резервтің мөлшерін депозиттік база көлемінің 5%-ынан төмен емес деңгейде сақтау
- 3) Халыққа депозиттерге кепілдік беру жүйесі туралы ақпарат берудің кешенді бағдарламасын әзірлеу және жүзеге асыру



Кепілді өтемді уақтылы және толық көлемде төлеу

Міндеттер:

- кепілді өтемді төлеуді бастау мерзімін кезең-кезеңмен қысқарту
- кепілді өтемнің толық көлемде төленуін қамтамсыз ету
- сақтандыру қорғанысын жалғастыру



Депозиттерге кепілдік беру жүйесіне деген сенімді нығайту

Міндеттер:

- халықтың депозиттерге кепілдік беру жүйесі туралы қаншалықты хабардар екендігін білу үшін әлеуметтік зерттеу жүргізу
- ақпарат беру-түсіндіру қызметінің бағдарламасын әзірлеу
- ақпарат беру-түсіндіру қызметінің бағдарламасын жүзеге асыру



Қордың бөлшек саудалық депозит нарығында сыйақы мөлшерлемелерін реттеуге қатысуы

Міндеттер:

- жеке тұлғалардың ұлттық валютадағы салымдары бойынша сыйақы мөлшерлемелерін белгілеудің нарықтық механизміне өту



Өтем төлеуге арналған арнайы резервтің жеткіліктілігін қамтамсыз ету

Міндеттер:

- қатысушы банктерді тарату үдерісі аясында төленген қаражаттардың қайтарымдылығын қамтамсыз ету
- қатысушы банктердің тәуекел бейінін ескеріп, жарналардың сараланған жүйесі арқылы жарна жинау
- инвестициялық портфельді тиімді басқару
- міндеттемелердің ұлғаю тәуекелін барынша азайту



Операциялық орнықтылықты және институционалдық тиімділікті нығайту

Міндеттер:

- корпоративтік басқаруды жақсарту
- Тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру
- ақпараттық қауіпсіздік саясатын жетілдіру
- IADI негіз қалаушы қағидаттарына сай болу
- қаржылық тұрақтылықты қолдау және дағдарысқа қарсы басқару жүйелерінің қатысушыларымен өзара әрекеттесу
- Қор қызметкерлерінің және Қор жекелеген қызметтерді орындауға тартқан тұлғалардың құқықтық қорғанысын күшейту

1-басым бағыт:



Өтемді уақтылы және толық көлемде төлеу

Өтем төлеудің аса қысқа мерзімде басталуы – депозиттерді сақтандырушылардың өзекті міндеті. Өйткені бұл сақтандыру жағдайы туындаған кезде шиеленісті болдырмауға және халықтың банк жүйесіне деген сенімін арттыруға мүмкіндік береді. Сондықтан Қор алдына төлемнің басталу мерзімін қысқартуға және кепілдік берілген қаражаттарды шұғыл түрде және толық көлемде қайтаруды қамтамасыз ететін шешімді әзірлеуге бағытталған міндеттер қояды

Міндеттер:

1) Өтем төлеудің басталу мерзімін кезең-кезеңмен қысқарту

Халықаралық стандарт салымшылардың көпшілігінің депозиттерге 7 жұмыс күні ішінде қол жеткізуін қамтамасыз етуді ұсынады. Қазақстанда іс жүзінде соңғы сақтандыру жағдайлары кезінде Қор өтем төлеуді 6-8 жұмыс күнінен кейін бастады. Алайда заңнамада өтем төлеуді 35 жұмыс күні ішінде бастау көзделген. Осыған байланысты, Қор ҚР ҰБ және ҚР ҚНРДА-мен бірге төлемді бастаудың заңнамалық мерзімін қысқарту туралы бастама көтеруді жоспарлауда

2) Кепілді өтемді толық көлемде төлеу бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету

Өтем төлеу мерзімін қысқарту және салымшыларды барынша кең қамту үшін өтем төлеуге арналған ақпараттың (депозиторлар тізілімінің) сапасын, оның ішінде деректерді өзектендіру және тексеру үшін бағдарламалық жасақтаманы жаңғырту құралдарын іздестіру, сондай-ақ сақтандыру жағдайынан кейін өтем төлеу механизміне цифрлық технологияларды енгізу жолымен жақсарту жұмыстары жоспарлануда

3) Сақтандыру арқылы қорғауды ұзарту

Әлемдік тәжірибеде банктер қосылғанда және біріккен жағдайда әрбір банктің салымшылары бөлек сақтандырылады. Бұл олардың мүдделерін банкті қайта ұйымдастыруға тура келетін өте бір «сезімтал» кезеңде қорғауға көмектеседі. Сондықтан ҚР ҰБ және ҚР ҚНРДА-мен бірлесе отырып, сақтандыру арқылы қорғауды ұзарту мәселесін пысықтау жоспарланған

2-басым бағыт:

Өтем төлеу үшін арнайы резервтің жеткіліктілігін қамтамасыз ету



Банк лицензиясынан айырылған жағдайда өтем төлеу арнайы резервтің қаражаттары есебінен жүзеге асырылады. Ал оны жеткілікті ұстап отыру қажет. Осыған байланысты арнайы резервті қалыптастырудың тиімділігін арттыруға бағытталған бірқатар міндеттер қойылған

Міндеттер:

1) қатысушы банктерді тарату үдерісі барысында төленген қаражаттардың қайтарымдылығын қамтамасыз ету

Кепілдіктерді төлеп болған соң, Қор шығындалған бүкіл қаражатты қайтарып, оны арнайы резервті толықтыруға жұмсайды. Бұл үшін Қордың қызметкерлері банктің уақытша әкімшілігі мен тарату комиссиясының құрамына кіреді. 2024 жылдың басына қарай Қордың 116,3 млрд теңгелік талабы 64,3 млрд теңгеге қанағаттандырылды. Бұл 55,3%-ды құрайды. Сондықтан Қордың кепілді өтем ретінде төлеген қаражаттарды қайтару бойынша талаптарын қанағаттандыру бойынша жұмыстар одан әрі жалғасатын болады

2) қатысушы банктердің тәуекел бейінін ескеріп, жарналардың сараланған жүйесі арқылы жарна жинау

Арнайы резервті қалыптастырудың негізгі қаржы көзі – банктердің жарналары. Жарналардың мөлшерлемелері Қордың банктердің қаржылық ахуалын бағалау моделі негізінде сараланады. Модель банк секторының қаржылық тұрақтылығына қауіп төндіретін тәуекелдерді ерте анықтауға мүмкіндік береді. Банк секторының өзгермелі орта жағдайында жұмыс істеуі модельдің болжамдық күшін сақтау мақсатында дамиды және қажет болған жағдайда қайта қаралады (соңғы рет – 2021 жылы). Болашақта есептеулерді автоматтандыру модельдің аналитикалық құраушысын қосымша күшейтуге рұхсат етеді

3) инвестициялық портфельді тиімді басқару

Қордың активтерін тиімді басқару үшін ДСХҚ қағидаттарына сәйкес Инвестициялық саясат әзірленген. Мақсат – активтердің сақталуын және уақтылы өтімділігін қамтамасыз ету. Бұдан кейін сенімгер басқарушылардың басқаруындағы портфельдерге мониторинг жүргізудің автоматтандырылған бірыңғай базасы әзірленетін болады. Ондағы мақсат – белгіленген лимиттерді сақтау, сондай-ақ өтімділіктің жеткілікті деңгейін қамтамасыз ету. Бұған қосымша ретінде сенімгер басқарушылар үшін өтімділікті басқару және тиімділік көрсеткіштерін реттейтін құжаттарды әзірлеу жоспарланған. Соларды ескере отырып, Қордың активтерінен қосымша транш беру жүзеге асырылатын болады

4) міндеттемелердің ұлғайып кету тәуекелдерін азайту

Қордың өтем төлеу бойынша, оның ішінде банктерді қаржылық ахуалы тұрақсыз банктер санатына жатқызған соң туындайтын міндеттемелерінің артып кету тәуекелін төмендету мәселесін Қор ҚР ҚНРДА-мен бірге шешетін болады

3-басым бағыт:



Депозиттерге кепілдік беру жүйесіне деген сенімді нығайту

Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін депозиттерді сақтандырушылар банк дағдарысы кезінде салымшылардың ақшаларын банктен жаппай алу қаупін болдырмауға күш салады. Осы мақсатқа жету жолдарының бірі – халықты ДКБЖ тиімділігі мен шектеулері жайында хабардар ету. Яғни халықтың сенімін нығайту үшін олардың ДКБЖ туралы хабардарлығын арттыруға бағытталған міндеттер алға қойылады

Міндеттер:

1) Халықтың хабардарлық деңгейін арттыру

Қор Инстаграм және Телеграм арқылы халықтың хабардарлық деңгейіне баға береді. Алайда мұндай сауалнамаға қатысатын адамдардың саны аз болатындықтан, бағалау нәтижелері жинақтап қорытуға келмейді. Сондықтан халықтың ДКБЖ туралы хабардарлығын шынайы түрде білу үшін әлеуметтік зерттеу жүргізу керек. Зерттеу нәтижелері тиімді арналарды және ақпарат беру жолдарын белгілеуге, дағдарыс бола қалған жағдайда әрекет ету тәртібін әзірлеуге және коммуникация саласында мүдделі тараптармен басқа да өзекті міндеттерді шешуге, яғни ақпарат беру-түсіндіру қызметінің бағдарламасын әзірлеуге мүмкіндік береді. Халықты ақпарат беру бағдарламасымен қамтуды арттыру үшін әлеуметтік желілерде бейнематериалдарды көптеп шығару, баспасөз мәслихаттарын ұйымдастыру, интернет беттерінде қысқаша мәтіндік постардың санын арттыру ұсынылады. Міне, осылардың барлығы депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қалай жұмыс істейтіндігі және салымшыларға өтем төлеу үдерісі қалай жүргізілетіндігі туралы толыққанды түсініктеме бере алады. Бұдан басқа, колледж бен университеттерде қонақтық дәрістер өткізу санын арттыру ұсынылады. Осылайша Қор қаржылық тұрақтылықтың нығаяуына ғана емес, сондай-ақ халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға септігін тигізеді



4-басым бағыт:



Операциялық орнықтылықты және институционалдық тиімділікті нығайту

Депозиторлардың, қаржы тұрақтылығы жүйесіне қатысушылардың сенімін арттыру үшін операциялық орнықтылықты және депозиттерге кепілдік беру жүйесін үнемі нығайтып отыру қажет. Басым бағыт аясында корпоративтік басқаруды, ішкі тәуекелдерді басқару жүйесін, ақпараттық қауіпсіздік жүйесін, IADI негіз қалаушы қағидаттарын орындауды диагностикалауды және қаржылық тұрақтылық жүйесіне қатысушыларымен өзара әрекеттесудің тиімділігін арттыруды жетілдіру жұмыстарын жүргізу

Міндеттер:

1) корпоративтік басқаруды жақсарту

Корпоративтік басқаруды дамыту үшін Директорлар кеңесінің қызметін жетілдіру және тиімділігін арттыру бойынша міндеттер қойылды. Қор тиімді Директорлар кеңесін қалыптастыру үшін үздік әлемдік тәжірибелерді әзірлеу және енгізу бойынша, Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің тұрақты бағаларын, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына енгізу рәсімін жетілдіру және тиімділігін арттыру бойынша шаралар қабылдайды. Бұл шараларды жүзеге асыру Директорлар кеңесінің шынайы және ақылға салынған шешімдер қабылдауына бағытталған

2) тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру

Депозиттерге кепілдік беру қорларында тәуекелдерді лайықсыз басқару олардың өз мандаттарын орындай алмауларына әкеп соғуы мүмкін. Қор операциялық орнықтылықты арттыру үшін тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіретін болады. Осы міндетті орындау үшін тәуекелдерді басқару жүйесін нығайту, дамыту және қолдау бойынша кешенді шаралар жүргізілетін болады. Кейіннен ДСХҚ нұсқаулығына сәйкес тәуекелдерді басқару жүйесіне қатысты өзін-өзі бағалау шарасы өткізіледі

3) ақпараттық қауіпсіздік саясатын жетілдіру

2023 жылы Қазақстанның мемлекеттік органдары мен квазимемлекеттік сектор ұйымдарына шамамен 75 млн кибер шабуыл жасалды. Қордың құпия ақпаратқа ие болуы ақпараттық қауіпсіздікті нығайтуды талап етеді. Бұл мақсатқа жету үшін жүйені жақсарту және қауіпсіздік бақылауын енгізу, сондай-ақ ISO/IEC 27001 сертификациясынан өту жоспарлануда

Міндеттер:

4) ДСХҚ негіз қалаушы қағидаттарына сәйкес болу

ДСХҚ қағидаттарына сәйкес болу Қор үшін басымды бағыт. ВБ сарапшылары қағидаттарға сәйкестікке баға беру шарасын соңғы рет 2016 жылы жүргізген болатын. Қағидаттарды өзектендіруді ескеріп (ДСХҚ 2025 жылы қағидаттарды өзектендіруді жоспарлауда), бағалауды жүргізу ДҚБЖ-ны жетілдіру үшін басымды бағыттарды белгілеуге мүмкіндік береді

5) Қаржылық тұрақтылықты қолдау және дағдарысқа қарсы басқару жүйесіне қатысушылармен тиімді қарым-қатынас жасау

ХВҚ мен ДСХҚ депозиттерді сақтандырушылар мен қаржылық қауіпсіздікті қолдау жүйесіне қатысушылар арасында тығыз қарым-қатынастың және ақпарат алмасудың, қаржылық қауіпсіздік жүйесінде банктер банкротқа ұшыраған жағдайда тиімді әрекет жасау жоспарының бар болуының маңыздылығын атап көрсетті. Қор өзінің мандатын орындау үшін қаржылық қауіпсіздікті қолдау жүйесінің басқа қатысушыларымен өзара әрекеттеседі және банктік күйзеліс кезінде әрекет етуге қатысты ішкі нұсқаулықты әзірледі. Алайда депозиттерге кепілдік беру институтын одан әрі нығайту үшін қаржылық қауіпсіздікті қолдауға қатысушылармен өзара әрекеттесу және қарым-қатынасты үйлестіру механизмін жетілдіру, сондай-ақ ішкі құжаттар мен жоспарларды өзектендірі және жүйелеу қажет

6) Қор қызметкерлерінің және Қордың жекелеген қызметтерді орындауға тартқан тұлғалардың құқықтық қорғанысын күшейту

Бүгінде Қор бұрынғы қызметкерлерді – қатысушы банктердің уақытша әкімшілігі мен тарату комиссияларының мүшелерін қосқанда қызметкерлердің құқықтық қорғанысын қамтамасыз етеді. Алайда бұл нормалар барлық қызметкерлерді, олардың ішінде Қордың негізгі міндеттері мен функцияларын жүзеге асыруға тартылған тұлғаларды қамти алмайды. Сондықтан Қордың қызметкерлерінің құқықтық қорғанысын кеңейту бойынша заңнамалық бастамалар пысықталатын болады



5-басымды бағыт:



Бөлшек саудалық депозит нарығында сыйақы мөлшерлемелерін реттеуге қатысу

Қор банктер арасындағы зиянды бәсекелестікті шектеу үшін жеке тұлғалардың депозиттері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді реттеуді, банк секторында жүйелік тәуекелдердің жинақталуын алдын алуды және нәтижесінде қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуді жүзеге асырады. Осы бағытта Қор икемді реттеу механизмдерін дамытуға тырысуда, сондықтан 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап барлық банктер үшін мөлшерлеменің шекті деңгейін белгілеудің орнына жаңа, анағұрлым нарықтық реттеу механизмі енгізілді. Қор жаңа механизмінің әсерін бағалау үшін тұрақты негізде депозит нарығына және жеке тұлғалардың депозиттері бойынша мөлшерлемелерге талдау жүргізіледі

Міндеттер:

- 1) жеке тұлғалардың ұлттық валютадағы салымдары бойынша сыйақы мөлшерлемелерін белгілеудің нарықтық механизміне өту

Жаңа механизм депозит нарығында барабар нарықтық баға белгілеуді дамытуға және банктер арасында бәсекелестікті арттыруға бағытталған. Қор аталмыш механизмді одан әрі жетілдіру қажеттілігін бағалау үшін мониторинг жүргізеді және жаңа механизмді енгізудің қаншалықты тиімді болып жатқандығына баға береді



